

**"Қазақстан Республикасының су ресурстарын басқару жөніндегі мемлекеттік өкілетті органдарының лауазымды тұлғаларымен су ресурстарын пайдалану мен қорғауға мемлекеттік бақылауды жүзеге асырудың нұсқауын бекіту туралы"**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі Су ресурстары жөніндегі комитетінің 2001 жылғы 12 желтоқсандағы N 105-п бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2002 жылғы 18 қаңтарда тіркелді. Тіркеу N 1726. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2004 жылғы 2 желтоқсандағы N 315-п, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Су ресурстары жөніндегі комитетінің 2004 жыл 17 қарашадағы N 239-п, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау комитеті төрағасының 2004 жылғы 19 қарашадағы N 37 (V043262) бірлескен бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Су кодексының 17 бабына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған "Қазақстан Республикасының су ресурстарын басқару жөніндегі мемлекеттік өкілетті органдарының лауазымды тұлғаларымен су ресурстарын пайдалану мен қорғауға мемлекеттік бақылауды жүзеге асырудың нұсқауын" бекітілсін.

2. Мемлекеттік бақылау және нормативтік-құқық бөлімі (Бадашев Е.А.) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде белгіленген тәртіпте мемлекеттік тіркеуден өткізуді қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуына бақылау Комитет төрағасының орынбасары К.Құдайбергеноұлына жүктелсін.

*Т ө р а ғ а*

*міндетін атқарушы*

Іске, бөлімдерге жіберілсін

Қазақстан Республикасы  
Табиғи ресурстар және қоршаған  
ортаны қорғау министрлігі  
Су ресурстары жөніндегі  
комитет төрағасының  
2001 жылғы 12 желтоқсандағы  
N 105-П бұйрығымен бекітілген

**Қазақстан Республикасының су ресурстарын басқару жөніндегі мемлекеттік өкілетті органдарының лауазымды тұлғаларымен су ресурстарын пайдалану мен қорғауға мемлекеттік бақылауды жүзеге асырудың НҰСҚАУЫ**

**1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

1. Бұл нұсқау Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының Су және "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Кодекстары, Қазақстан Республикасының "Қоршаған ортаны қорғау туралы" Заңына, Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылдың 29 сәуіріндегі N 600 қаулысымен бекітілген "Су ресурстарын пайдалану мен қорғауға мемлекеттік бақылау туралы Ереже" және су ресурстарын пайдалану мен қорғау саласындағы басқа да нормативті құқықты актілер негізінде әзірленді.

2. Нұсқау Қазақстан Республикасының су ресурстарын басқару жөніндегі мемлекеттік өкілетті органдарының (бұдан әрі - су ресурстарын басқару органдары) лауазымды тұлғаларымен су ресурстарын пайдалану мен қорғауға мемлекеттік бақылауды жүзеге асырудың тәртібін анықтайды.

3. Су ресурстарын пайдалану мен қорғауға мемлекеттік бақылау су ресурстарын сақтау, молықтыру және оның жағдайын жақсарту мақсатында жүзеге асырылады.

4. Су ресурстарын пайдалану мен қорғауға мемлекеттік бақылаудың мақсаты барлық министрліктермен, мемлекеттік комитеттермен, ведомстволармен, кәсіпорындармен, ұйымдармен және азаматтармен су заңнамасын, су ресурстарын пайдалану және оның есебін жүргізудің белгіленген тәртібін қадағалауды, суды қорғау, олардың зиянды ықпалын алдын ала ескерту және жою жөніндегі міндеттерді орындауды қамтамасыз ету болып табылады.

5. Су ресурстарын басқару органдарының лауазымды тұлғаларына су ресурстарын пайдалану мен қорғауға мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру өкілдіктері берілген және олар лауазымы бойынша су ресурстарын пайдалану мен қорғауды реттеу жөніндегі мемлекеттік инспекторлар (бұдан әрі - мемлекеттік инспектор) болып табылады.

6. Мемлекеттік инспекторлардың мақсаты, функциясы, құқығы және жауапкершілігі Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылдың 29 сәуіріндегі N 600 қаулысымен бекітілген "Су ресурстарын пайдалану мен қорғауға мемлекеттік бақылау туралы Ереже" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылдың 29 сәуіріндегі N 600 қаулысымен бекітілген Су ресурстарын пайдалану мен қорғауға мемлекеттік бақылау туралы ережемен (бұдан әрі - Ереже) анықталған.

## **2. СУ ЗАҢНАМАСЫН БҰЗУШЫЛЫҚТЫ ЖОЮ ЖӨНІНДЕГІ ШАРАЛАРДЫ ҚАБЫЛДАУ, КІНӘЛІЛЕРДІ ЖАУАПКЕРШІЛІККЕ ТАРТУ ЖӘНЕ ҚҰЖАТТАРДЫ РЕСІМДЕУ ТӘРТІБІ**

7. Су ресурстарын пайдалану мен қорғауға мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру барысында мемлекеттік инспектор су заңнамасын бұзушылықтың алдын ала ескерту, анықтау және жою шараларын қабылдап, кінәлілерді жауапкершілікке тартады.

8. Шаруашылық субъектілерін тексеру барысында мемлекеттік инспектор Ереже негізінде Су заңнамасының қадағалануын тексеру актісін (N 1 қосылым) жасайды.

9. Тексеру барысында су заңнамасын бұзушылық анықталған жағдайда, мемлекеттік инспектор Қазақстан Республикасының "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Кодексінің 561, 635 және 636 баптарына сәйкес Әкімшілік құқықбұзулар туралы хаттаманы толтырады.

10. Су заңнамасының қадағалануын тексеру актісі негізінде мемлекеттік инспектор өзіне берілген құқық шеңберінде су заңнамасын бұзудың ауыртпалығына байланысты құқықбұзушыға бір немесе бір уақытта бірнеше ықпал шарасын қолдану туралы шешім қабылдайды (Бір тұлғамен екі немесе одан да көп әкімшілік құқық бұзылған жағдайда, әрбір құқықбұзуға жеке түрде әкімшілік жаза қолданылады):

1) Қазақстан Республикасының "Қоршаған ортаны қорғау туралы" Заңының (бұдан әрі - Заң) 77 бабы негізінде Су ресурстарын пайдалану мен қорғау саласындағы құқықбұзушылықты жою жөніндегі нұсқаманы (N 2 қосылым) шығарады;

2) Ереже негізінде және Қазақстан Республикасының "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Кодексінің 561, 650 және 651 баптарына сәйкес Әкімшілік жаза тартқызу туралы қаулы (N 3 қосылым) шығарады;

3) Қазақстан Республикасы Кодексінің 121 бабына және Қазақстан Республикасының азаматтық - процессуалды Кодексіне сәйкес кінәлі тұлғаларға су заңнамасын бұзумен келтірілген залалдың орынын ерікті түрде толтыруға талап және сот арқылы талап қояды;

4) Заңның 77 бабы негізінде Экологиялық талаптарды және қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнаманы бұзумен жүзеге асырылған шаруашылық және басқа да әрекеттерді шектеу және тоқтата тұру туралы сот органдарына арызнама береді.

Қажет болған жағдайда бекітілген тәртіппен құқықбұзушылықты жоюға дейін жұмыстарын тоқтату үшін, жекелеген объектілерді, құрылғыларды және түйінділерді Пломбылау актісін (N 4 қосылым) жасау арқылы пломбылай алады.

Сонымен қатар Заңның 77 бабына сәйкес тиісті қаржы-несие беру ұйымдарына Экологиялық талаптарды бұзумен немесе экологиялық сараптаманың оң тұжырымдамасыз объектілердің құрылысын салу мен пайдалануды, шаруашылық және басқа да әрекеттерді қаржыландыруды тоқтату туралы нұсқама (N 5 қосылым).

Шаруашылық және басқа да әрекеттерін экологиялық талаптарды бұзумен жүзеге асырған кіші кәсіпкерлік субъектілерінің іс-қимылына тыйым салу немесе оны тоқтата тұру сот шешімі арқылы жүргізіледі.

Кіші кәсіпкерлік субъектісінің іс-қимылына тыйым салу немесе оны тоқтата тұру туралы талап арызы сотқа Қазақстан Республикасының заңнамалық актілермен белгіленген тәртіпте және негізде жіберіледі.

Кіші кәсіпкерлік субъектісінің іс-қимылына тыйым салуға және оны тоқтата тұруға соттың шешімісіз ерекше жағдайда, 3 күннен артық емес уақытқа рұқсат етіледі. Осы мерзім ішінде сотқа міндетті түрде талаптық арыз берілуі тиіс. Мұндай жағдайда тыйым салу және тоқтата тұру актісі сот шешімі шыққанға дейін күшінде болады;

5) Ереже негізінде су заңнамасын бұзғаны үшін қылмыстық жауапкершілікке тарту туралы мәселені шешу үшін құқық қорғау органдарына тиісті материалдарды жібереді.

11. Су заңнамасының қадағалануын тексеру актісі тексерілуші шаруашылық субъектісі өкілінің қатысуымен жасалуы тиіс.

Актінің кіріспесінде тексерілуші объектінің негізгі сипаттамалары, шаруашылық әрекетінің түрі, рұқсаттық, нормалау және басқа да құжаттарының болуы, бөлінген лимит көлемі, алынған және тасталған төгінді суларының көлемі, су қорғау шараларының болуы және олардың орындалу барысы, суды айналмалы және қайта пайдалану жүйесінің болуы және оның көлемі және басқа да қажетті деректер көрсетілуі қажет.

Жоғарыда аталған деректер көрсетілгеннен кейін, Актіде анықталған су заңнамасының және су ресурстарын пайдалану мен қорғау саласындағы басқа нормативті актілерді бұзушылықтарды тармақтар бойынша көрсетіледі. Анықталған құқықбұзушылықтарды көрсету барысында тиісті заңнамалық және нормативтік құжаттарға міндетті түрде сілтеме жасалынуы тиіс.

12. Су ресурстарын пайдалану мен қорғау саласындағы әкімшілік құқықбұзулар туралы хаттаманың "Құқықбұзушының тұлғасы туралы деректер" атты 3 қатарда істі әділ қарауға маңызы бар лауазымды тұлғалар, азаматтар, азаматтығы жоқ тұлғалар және шет елдік тұлғалар туралы келесі деректер келтіріледі: туған жері мен жылы (кәмелетке толмағандардың туған күні, айы және жылы көрсетіледі), мекен-жайы, жанұя жағдайы, асырауындағы адамдар саны, жеке куәлігі деректері.



өз шаруашылық және басқа да әрекетін су заңнамасы мен басқа да нормативті актілерді бұзумен жүргізген және су ресурстарына залал келтірген жағдайда беріледі.

17. Экологиялық талаптарды бұзумен немесе экологиялық сараптаманың оң тұжырымдамасыз объектілердің құрылысын салу мен пайдалануды, шаруашылық және басқа да әрекеттерді қаржыландыруды тоқтату туралы нұсқама құқық бұзушыға заңмен белгіленген тәртіпте беріледі.

Нұсқама барлық заңды және жеке тұлғалармен орындалуға міндетті.

18. Қазақстан Республикасының Су кодексінің 120 бабына сәйкес су заңнамасын бұзуға кінәлі жеке және заңды тұлғалар Қазақстан Республикасы заңымен белгіленген тәртіпте тәртіптік, әкімшілік, азаматтық немесе қылмыстық жауапкершілікке тартылады.

19. Тексерулерді сапалы ұйымдастыру және бақылау үшін бланкілердің (NN 1-5 Қосылымдар) қатаң есептеу жүйесі енгізілуі қажет. Қатаң есептеу бланкілері нөмірленіп арнайы журналда тіркеледі.

20. Ережеге сәйкес қандайда бір лауазымды тұлғаның немесе органның су ресурстарын пайдалану мен қорғауға мемлекеттік бақылау процесіне араласуына жол берілмейді. Мемлекеттік инспектордың шешімі міндетті түрде орындалуы тиіс және оның шешіміне бағыныштылығына байланысты немесе сотқа шағымдануға болады.

Су ресурстары жөніндегі  
Комитет төрағасының  
2001 жылдың 12 желтоқсандағы

№ 105 - п

"Қазақстан Республикасының

су ресурстарын басқару

жөніндегі мемлекеттік

өкілетті органдарының

лауазымды тұлғаларымен

су ресурстарын пайдалану

мен қорғауға мемлекеттік

бақылауды жүзеге асырудың

нұсқауын бекіту туралы"

бұйрығына №1 қосылым

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ**  
**ТАБИҒИ РЕСУРСТАР ЖӘНЕ ҚОРШАҒАН**  
**ОРТАНЫ ҚОРҒАУ МИНИСТРЛІГІ**  
**СУ РЕСУРСТАРЫ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ**

су ресурстарын басқару органы \_\_\_\_\_

-----  
мекен-жайы, телефоны, факсы

**СУ ЗАҢНАМАСЫНЫҢ ҚАДАҒАЛАНУЫН ТЕКСЕРУ**  
**N \_\_\_\_\_ АКТІСІ**

\_\_\_\_\_ 200 жылдың "\_\_\_\_" \_\_\_\_\_  
объектінің тұрған жері

су ресурстарын басқару органының атауы  
Су ресурстарын пайдалану мен қорғауды реттеу жөніндегі  
мемлекеттік инспектор \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ аты - жөні, тегі

\_\_\_\_\_ шаруашылық субъектісінің, объектінің немесе ғимараттың атауы

\_\_\_\_\_ жоғарғы ұйымы

\_\_\_\_\_ министрствасы, ведомствасы

\_\_\_\_\_ мекен-жайы, телефоны

\_\_\_\_\_ кәсіпорын басшысы \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ аты - жөні, тегі  
\_\_\_\_\_ мекен-жайы \_\_\_\_\_ тел: \_\_\_\_\_ факсы \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ лауазымы, аты-жөні, тегі

\_\_\_\_\_ қатысуымен және

\_\_\_\_\_ қатысуымен

\_\_\_\_\_ кәсіпорын өкілінің лауазымы, аты-жөні, тегі

Қазақстан Республикасының Су кодексін негізге ала отырып су  
заңнамасының қадағалануына тексеру жүргізді.

Тексеру барысында мыналар анықталды:

Жеке қолдары \_\_\_\_\_

Су ресурстарын пайдалану мен  
қорғауды реттеу жөніндегі  
мемлекеттік инспектордың  
аты - жөні, тегі

\_\_\_\_\_ қатысушылардың аты-жөні, тегі

Толтырылғаны \_\_\_\_\_ дана, қосылым \_\_\_\_\_ парақта

N 1 дана \_\_\_\_\_

N 2 дана \_\_\_\_\_

N 3 дана \_\_\_\_\_

Актімен танысып, бір данасын алдым

Шаруашылық субъектісінің басшысы \_\_\_\_\_

жеке қолы аты-жөні, тегі

200\_жылдың "\_\_\_" \_\_\_\_\_

Тіркеу N

Су ресурстары жөніндегі Комитет төрағасының  
2001 жылдың 12 желтоқсандағы N 105-п  
"Қазақстан Республикасының су ресурстарын  
басқару жөніндегі мемлекеттік өкілетті  
органдарының лауазымды тұлғаларымен  
су ресурстарын пайдалану мен қорғауға  
мемлекеттік бақылауды жүзеге асырудың  
нұсқауын бекіту туралы"  
бұйрығына N 2 қосылым

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ**  
**ТАБИҒИ РЕСУРСТАР ЖӘНЕ ҚОРШАҒАН**  
**ОРТАНЫ ҚОРҒАУ МИНИСТРЛІГІ**  
**СУ РЕСУРСТАРЫ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ**

су ресурстарын басқару органы



\_\_\_\_\_ мекен-жайы, телефоны, факсы  
" \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ шаруашылық субъектісінің атауы

БАСШЫСЫНА  
СУ РЕСУРСТАРЫН ПАЙДАЛАНУ МЕН ҚОРҒАУ САЛАСЫНДАҒЫ  
ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТЫ ЖОЮ ЖӨНІНДЕГІ  
N \_\_\_\_\_ НҰСҚАМА

" \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ 200\_\_ N \_\_\_\_\_ Су заңнамасының қадағалануын  
тексеру актісі негізінде келесі іс-шараларды орындауға НҰСҚАМА БЕРЕМІН:

тәртіп N	Нұсқама мазмұны	Негіздемесі	Орындалу мерзімі

Бұл нұсқама міндетті түрде орындалуға жатады. Нұсқаманың орындалу мерзімі біткен күннен бастап 7 күн ішінде кәсіпорын басшысы су ресурстарын басқару органына нұсқаманың орындалу нәтижесі туралы жазба түрде ақпарат беру тиіс.

Іс-шараның орындалуы туралы ақпарат жоғарыда көрсетілген мекен-жайға жіберілуі қажет. Көрсетілген мерзім ішінде нұсқама орындалмаған жағдайда Сізге Қазақстан Республикасының "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Кодексінің 536 бабына сәйкес шара қолданылады.

Су ресурстарын пайдалану мен қорғауды реттеу жөніндегі мемлекеттік инспектор \_\_\_\_\_  
қолы аты-жөні, тегі М.О.

Нұсқаманы алдым \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ лауазымы, аты-жөні, тегі  
\_\_\_\_\_ 200\_ жылдың " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_  
қолы \_\_\_\_\_

Тіркеу N \_\_\_\_\_  
Су ресурстары жөніндегі Комитет төрағасының  
2001 жылдың 12 желтоқсандағы N 105-п

"Қазақстан Республикасының су ресурстарын басқару жөніндегі мемлекеттік өкілетті органдарының лауазымды тұлғаларымен су ресурстарын пайдалану мен қорғауға мемлекеттік бақылауды жүзеге асырудың нұсқауын бекіту туралы"

бұйрығына N 3 қосылым

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ТАБИҒИ РЕСУРСТАР ЖӘНЕ ҚОРШАҒАН  
ОРТАНЫ ҚОРҒАУ МИНИСТРЛІГІ  
СУ РЕСУРСТАРЫ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ**

су ресурстарын басқару органы

мекен-жайы, телефоны, факсы  
**ӘКІМШІЛІК ЖАЗА ТАРТҚЫЗУ ТУРАЛЫ**  
N \_\_\_\_\_ **ҚАУЛЫ**  
200\_жылдың " \_\_\_\_\_ " \_\_\_\_\_

су ресурстарын басқару органы

1. Су ресурстарын пайдалану мен қорғауды реттеу жөніндегі мемлекеттік инспектор \_\_\_\_\_  
қаулы шығарған тұлғаның лауазымы, аты-жөні, тегі

ісі қаралудағы тұлғаның аты-жөні, тегі  
су заңнамасын бұзғаны туралы келесі материалдарды: \_\_\_\_\_

қарай отырып, 200\_жылдың " \_\_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ N \_\_\_\_\_ хаттамаға және берілген басқа да материалдарды негізгі алып:

Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Кодексінің 561 және 650 баптарына сәйкес, келесі түрдегі әкімшілік жаза тартқызу туралы қаулы етеді:

1. \_\_\_\_\_ ескертілсін
2. \_\_\_\_\_ айыпқа тартылсын  
айып пұл \_\_\_\_\_ төленсін

айып пұл төленетін органның банкалық деректері \_\_\_\_\_

Бұл қаулы жоғары органда (жоғары лауазымды тұлғада) немесе тұрғын орынында қаулы шыққан күннен бастап 10 күн ішінде сотта шағымдалынуы мүмкін.

**Ескертпе:** көрсетілген айып пұл Қаулы күшіне енгеннен бастап немесе Қазақстан Республикасының "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Кодексының 701 бабымен көзделген кейінге қалдыру мерзімі біткен күннен бастап 30 (отыз) күн ішінде төленуі тиіс. Айып пұл белгіленген мерзімде төленбеген жағдайда, айып пұл Қазақстан Республикасының "Әкімшілік құқықбұзулар туралы" Кодексының 701 бабымен Қазақстан Республикасының "Әкімшілік құқықбұзулар туралы" Кодексының 708 бабына сәйкес еріксіз түрде алынады.

Су ресурстарын пайдалану мен қорғауды реттеу жөніндегі мемлекеттік инспектор \_\_\_\_\_  
қолы аты-жөні, тегі \_\_\_\_\_

М.О.

Қаулы құқық бұзушыға тапсырылды (жіберілді)  
Квитанция N \_\_\_\_\_  
құқық бұзушының қолы аты-жөні, тегі \_\_\_\_\_

Тіркеу N \_\_\_\_\_

Су ресурстары жөніндегі Комитет төрағасының 2001 жылдың 12 желтоқсандағы N 105-п "Қазақстан Республикасының су ресурстарын басқару жөніндегі мемлекеттік өкілетті органдарының лауазымды тұлғаларымен су ресурстарын пайдалану мен қорғауға мемлекеттік бақылауды жүзеге асырудың нұсқауын бекіту туралы" бұйрығына N 4 қосылым

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ТАБИҒИ РЕСУРСТАР ЖӘНЕ ҚОРШАҒАН  
ОРТАНЫ ҚОРҒАУ МИНИСТРЛІГІ  
СУ РЕСУРСТАРЫ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ**

су ресурстарын басқару органы

мекен-жайы, телефоны, факсы

N \_\_\_\_\_

**ПЛОМБЫЛАУ АКТІСІ**

200\_жылдың "\_\_\_\_\_" \_\_\_\_\_

Объектінің атауы мен тұрған орыны: \_\_\_\_\_

Мына құрамдағы комиссия мүшелері: \_\_\_\_\_

комиссия мүшелерінің лауазымдары, аты-жөндері, тектері

Су ресурстарын басқару органының 200\_жылдың "\_\_\_\_\_" \_\_\_\_\_ N\_\_\_\_  
нұсқамасына сәйкес \_\_\_\_\_

-----  
объектаның, оның бөлімдерінің атаулары

өндірістік әрекетіне пломбылау жүргізді.

Комиссия мүшелерінің қолдары \_\_\_\_\_

Апаттық жағдай болған жағдайда объекті басшылығына акті жасау және ол туралы су ресурстарын басқару органдарына жоғарыда көрсетілген мекен-жайға хабар беру арқылы пломбаны алуға рұқсат береді.

Пломба жауапты сақтауға алынды:

басшының лауазымы	қолы	аты-жөні, тегі	
	Акт	_____ дана	жасалды.
	N	1	д а н а
	N	2	д а н а
	N	3	д а н а

Акті \_\_\_\_\_ тапсырылды

басшының лауазымы, аты-жөні, тегі

Тіркеу N \_\_\_\_\_

Су ресурстары жөніндегі Комитет төрағасының  
2001 жылдың 12 желтоқсандағы N 105-п

"Қазақстан Республикасының су ресурстарын басқару жөніндегі мемлекеттік өкілетті органдарының лауазымды тұлғаларымен су ресурстарын пайдалану мен қорғауға мемлекеттік бақылауды жүзеге асырудың нұсқауын бекіту туралы"

бұйрығына N 5 қосылым

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ТАБИҒИ РЕСУРСТАР ЖӘНЕ ҚОРШАҒАН  
ОРТАНЫ ҚОРҒАУ МИНИСТРЛІГІ  
СУ РЕСУРСТАРЫ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ**

---

су ресурстарын басқару органы

---

мекен-жайы, телефоны, факсы

---

қаржы-несие органының атауы және мекен-жайы

**Экологиялық талаптарды бұзумен немесе экологиялық сараптаманың оң тұжырымдамасыз объектілердің құрылысын салу мен пайдалануды, шаруашылық және басқа да әрекеттерді қаржыландыруды тоқтату туралы**

**N \_\_\_\_\_ НҰСҚАМА 200\_жылдың "\_\_\_\_" \_\_\_\_\_**

200\_жылдың "\_\_\_\_" \_\_\_\_\_ N \_\_\_\_ Су заңнамасының қадағалануы туралы Актісі негізінде және Қазақстан Республикасының Су кодексін орындау мақсатында

---

Кодекстің және басқа да заңнамалық, нормативтік актілердің тиісті

---

баптары мен тармақтарына сілтеме

---

шаруашылық әрекетінің түрі  
су заңнамасын бұзумен жүргізген

---

заңды тұлғаның атауы, оның мекен-жайы \_\_\_\_\_

---

жеке тұлғаның аты-жөні, тегі жұмыс және тұратын орыны

---

---

қаржыландыруды тоқтатуды міндеттеймін.

Тапсырыс (инвестор) беруші \_\_\_\_\_

---

заңды тұлғаның атауы, мекен-жайы және банка деректері

Жұмысты қаржыландыруды қайта бастауға рұқсат осы Нұсқаманы берген мемлекеттік лауазымды тұлғамен тек қана Актіде көрсетілген су заңнамасын бұзушылықтарды жойғаннан кейін беріледі.

Осы нұсқаманың орындалғаны туралы 200\_жылдың "\_\_\_\_" \_\_\_\_\_  
дейін хабарлауды сұраймын.

Қосылым: 200\_ жылдың "\_\_\_\_" \_\_\_\_\_ N \_\_ Су заңнамасының  
қадағалануы туралы Актісі \_\_\_\_\_ парақта.

---

нұсқаманы толтырған тұлғаның лауазымы

---

қолы аты-жөні, тегі  
М.О. Тіркеу N \_\_\_\_\_